

Хромтау және Шалқар аудандарының жекелеген елді мекендерін тарату туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 396 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 30 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылдың 26 желтоқсанда № 3234 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес Хромтау және Шалқар аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Халқының саны 50 адамнан кем Хромтау ауданының Құдықсай ауылдық округінің Кеной ауылы, Шалқар ауданының Айшуақ ауылдық округінің Қосқақ ауылы, Қауылжар ауылдық округінің Сарышоқы ауылы, Мөңке би ауылдық округінің Әбді және Алгелді ауылдары;

Шалқар ауданының Ақтоғай ауылдық округінің Шахты ауылы, Шалқар ауылдық округінің Көктымақты ауылы тұрғындары көшіп кетуіне байланысты таратылсын.

2. Хромтау және Шалқар аудандарының әкімдері таратылған ауылдардың жерлерін одан әрі пайдалануға байланысты мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдасын.

3. "Ақтөбе облысының статистика басқармасы" ММ (А.Д.Мұқаев) жоғарыда аталған елді мекендерді есепті деректерден шығарсын.

4. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" ММ (М.Н.Жекеев) жер-кадастр құжаттарына тиісті өзгерістер енгізісін.

5. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы